

Абат ауылындағы үшінші көшеге Қосалы Жұмановтың есімін беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы Аязхан Қалыбеков ауылдық округі әкімінің 2007 жылғы 17 қыркүйектегі N 2 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында 2007 жылғы 20 қыркүйекте N 14-7-47 тіркелді

" Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған".

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабы 4 тармағына, жалпы жиналыс хаттамасына, аудандық ономастика комиссиясының ұйғарымына және Абат ауылы үшінші көше тұрғындарының өтініштеріне негізделіп А.Қалыбеков ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ**

Е Т Е Д І :

1. А.Қалыбеков ауылдық округі Абат ауылындағы үшінші көшеге осы ауылдың азаматы, Мырзашөл өңірінің өркендеуіне елеулі үлес қосқан, Ұлы Отан соғысы жылдарында Отан қорғау үшін қаржылық үлесін қосқан еңбек ардагері, қайраткер Қосалы Жұмановтың есімі берілсін.

2. Осы жоғарыдағы есімі берілген көшені қазіргі заман талабына сәйкестендіріп, архитектуралық талапқа сай безендіру, көшенің атауымен әр үйге сандық белгілер орнату, көшені таза ұстау әрі үлгілі көше деген атаққа лайықты болуын Қосалы Жұмановтың ұл-қыздарынан сұралсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А.Қалыбеков ауылдық округі әкімі Ж. Сатбаев